## Тұлғалық өсу және өзіндік сананы айқындау

**1. Танысу. “Менің мекен-жайым” жаттығуы**
**Төсбелгіні (бейджderді) толтыру**
**Мақсаты:** Өз елін мақтаныш тұтуға бағыттау және таныстыру.
**Жүргізуші.** Әр қатысушы тақтада ілінген картаға өзі тұратын қаласы немесе ауданына есімін жазып жапсыру қажет.

**2. “Құпия досым” жаттығуы**
**Мақсаты:** Белгісіздікті аңғаруды, екінші адамға ілтипат көрсетуді меңгеру.

Барлық есім жазылған төсбелгілерді қорапта араластырып, әр қатысушы бір төсбелгіден таңдайды және де сол кісінің есімін есте сақтап, оны көріп алады. Сосын төсбелгіні жүргізушіге қайта береді. Қай адам екені өзіне ғана мәлім болуы қажет. Ал есімі түскен адамға сабақтың өн бойында ілтипат көрсетіліп көңіл бөлінеді. Одан ары қарай сабақ барысында жүргізуші осы жаттығуға қайта оралып отырады.

**3. “Гүлдер” жаттығуы**
**Мақсаты:** Топтағы тұлғааралық қарым-қатынасты шыңдау.
**Жүргізуші.** Әр қатысушы мына қораптан бір-бір қиынды гүлден алып, оған оқу орныңызды, есіміңізді, ауданыңызды көрсетіңіз, оны бояңыз. Сосын тақтада даярланған ватманға бір оқу орнын бітіргендер бірігіп, өз оқу орныңыздың аты жазылған парақша айналасына гүлдерді орналастырыңыз.
Мысалы: Сауле – ҚазМУ

**4. “Менің мамандығым” жаттығуы**
**Мақсаты:** Кәсіби ерекшеліктің маңызын түсіндіру.
**Жүргізуші.** Маман психологтар бір топқа, маман емес педагогтар бір топқа бөлініңіздер. Сөйтіп мына мандала секілді ою-өрнекті ешкім бейтарап қалмай, барлығыңыз бірлесіп бояп шығыңыздар. Болған соң оны тақтаға іліңіздер.

**Талқылау жүргізіледі.Сұрақтар:**
1. Неге бұл түстерді қолдандыңыз?
2. Екеуінің қандай айырмашылықтары бар?

**Жүргізуші.** Оюдың мағыналық тұстарына тоқталар болсақ: **Төрт құлақ** – дүниенің төрт бөлігін тұспалайды; **қаз мойын** – ақ көңілдікті, мейірімді, пәктікті білдіреді; **түйе табан** – жолы болушылықты білдіреді.

**5. “Артық орындық” ойыны**
**Ойын мақсаты:** Топтың еркін қарым-қатынасына жол салу және ертегідегідей ахуал жасау.
Топ дөңгеленіп отырады. Жүргізуші өз орнынан тұрып орындықты басқа жерге алып қояды. Сосын топқа нұсқауын түсіндіреді.
**Жүргізуші.** Сіздер топқа қандай-да бір шартыңызды айтасыз. Осыған сәйкес олар орын ауыстыруы шарт, сол сәтте жүргізетін адамда орын табуға тырысады. Ал үлгермей қалған адам жүргізуші болып өз шартын айтады. Осылайша ойын жалғаса береді. Мысалы: “Өз ата-анасын жақсы көретіндер орын ауыстырсын”, “Қымыз жақсы көретіндер орын ауыстырсын” және т.б.

**6. “Құпияны табу” жаттығуы**

**Мақсаты:** Өзінің қайталанбас тұлға екенін сезіндіру.
**Жүргізуші.** Бір ғалым дәл өзіне ұқсас адамды жасапты. Бірақ ол өте қатігез екен. Өзінен қандай айырмасы бар екенін дәлелдеу үшін шарқ ұрыпты. Сізде осындай жағдай болса, не істер едіңіз? Ол адамда қайталанбайтын, сізде ғана бар қандай қасиетке иесіз? Сізде басты қандай құпия бар? Барлық қатысушылар өз құпиясымен бөліседі.

**“Мен дегеніміз деген не?”** талқылау
Жүргізуші алдымен кіші, сосын үлкен топта осы сұрақ бойынша талқылама жасауды ұсынады.
**Жүргізуші.** “Мен” – бұл сезімдерің, ойларың, тәнің, әрекетің, тілегің, армандарың, жаның, мінезің т.б. деп қорытындылайды.

**7. “Мен ... ” және “Мен қандаймын” жаттығуы**
**Мақсаты:** “Мен тұжырымдамасына” саналы түрде көңіл бөлу.
**Жүргізуші.** Сіздер жұмыс дәптерлеріңізге “Мен ...” сөзін зат есіммен толыққан 10 қатар сөз тіркесі етесіз. Сосын “Мен қандаймын?” деген сұраққа сын есімді қолданып 10 рет жауап бересіз. Барлығын жазып отырасыз.
Алдамен кіші, сосын үлкен топта талқылама жасалады.

**8. “Үй, адам, жер сілкінісі” жаттығуы**
**Мақсаты: Сергіту арқылы еркін әрекет етуге үйрену**
**Жүргізуші “Үй”** дегенде екі адам бірігіп, шатыр құрады. **“Адам”** дегенде екі адам бірігіп, ортасына адам кіреді. **“Жер сілкінісі”** дегенде бейтарап болып жүреді. Қалып қалған адам жүргізуші болады.

**9. “Құпия досым” жаттығуы**
“Құпия досына” хат жазу және кімнен хат келгенін табу.

**10. “Жұлдызды сағат” жаттығуы**
**Мақсаты:** Адамның кәсіби іс-әрекетіндегі негізгі тұлғалық мәнді сезіну және ол мән-мағынаны бақыт туралы өз ойыңмен салыстыру.

Психолог қызметіндегі жағымды, қуанышты сәттерді парақшаға жазу. Оны ортаға салу, сосын ватманға жазып, жалпы талқылама жасау.

**11. Рефлексия**

**Р Е Ф Л Е К С И Я**

**Тренер** ________________________________________________________
**Тақырыбы**______________________________________________________
**Аты-жөні** ______________________________________________________
**Ауданы, қаласы** ____________________________________________
**Мектебі** ______________________________________________________
**Мамандығы** ___________________________________________________

<table>
<tr><th>Не білдіңіз?</th><th>Не үйрендіңіз?</th><th>Нені қолдана аласыз?</th><th>Нені үйренгіңіз келеді?</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><th colspan="2">Не таңқалдырды?</th><th colspan="2">Не қанағаттандырмады?</th></tr>
<tr><td colspan="2"></td><td colspan="2"></td></tr>
</table>

Өзіңіздің меңгеру деңгейіңізді бағалау

**0 - білімеймін** ☐
**1 - күдіктімін** ☐
**2 - жақсы меңгердім** ☐

Өзіңіздің меңгеру деңгейіңізді бағалау үшін семинардағы ақпаратты қабылдап игергеніңізге қарай төр көздің біреуіне белгілеп қойыңыз.

**Мектеп тобындағылардың мектепке оқытуға даярлығын анықтау.(1-сыныпқа қабылданғандарды зерттеу)**

**Йирасек-Керн тесті.**

**Мақсаты:** Баланың майда нәзік қимыл әрекеттерінің қалыптасқанын және үйлесімдігін анықтау.

**1-тапсырма. «Ер адамның суретін салу»** әдістемесі.

Орындау ережесі: Сендер күнделікті көптеген ер адамдарды көріп жүрсіңдер.Солардың сырт пішінін еске түсіріңдер. Енді ер адамның суретін салыңдар.

Ер адамның суретін салғанда балалар осы кейіпкерді ойына түсіріп, сол қиялын бейнелеу бойынша салады.

Бағалау шкаласы:

- Суретте адамның басы, мойны, денесі, аяқ-қолы салынған, басымен денесінің пропорциясы сақталған, шашы, бет мүшелері толық көрсетілген, үстіне ер адамның киімі кигізілген болса, фигура біртұтас салынса—1 балл деп бағаланады.
- Басы, бет мүшелері, денесі, аяқ қолы салынған, бірақ шашы, мойны, қолының бір саусағы жетіспесе - 2 балл.
- Басы, денесі, аяқ қолы салынған, ал шашы, мойны, құлағы, киімі, саусақтары салынбаған болса—3 балл.
- Өте қарапайым басты жобалаған сурет—4балл.
- Денені анық көрсетпеген, бас пен қолдың белгісі бар суретке—5балл.

**2-тапсырма. «Әріптерді көшіріп салу.»** әдістемесі.

Тапсырманың үлгісі салынған парақ балаларға таратылып беріледі. Оның бетінде алты әріптен тұратын сөз жазылған. Балаға тапсырманыорындау тәртібі түсіндіріледі:

«Мына парақта әріптер жазылған, сол әріптерді дәл осындай етіп көшіріп сал. Әріптерді толық салып болғанша қаламды парақтың бетінен алма.»

Бағалау шкаласы.

- Көшіріп салынған әріптер үлгіге өте ұқсас, әріптердің үлкендігі үлгіден екі есе аспайдыбірінші әріп басқалардан үлкенірек болып салынған (бас әріптің белгісі тәрізді) және олар горизонтальды сызық бойымен жазылғанға жақын болып түссе бұл жұмысқа –1 балл.
- Үлгі анық көшірілген, әріптер размері және горизонтальдық орналасуы нашар—2балл.
- Көшіру барысында сөзді үш-төртке бөліп жазған, төрт әріпке дейін түсінуге болады—3 балл.
- Үлгіге ең болмаса екі әріп ұқсаған, көшірме бір қатарға түсірілген деп айтуға болады—4 балл.
- Шимайлар—5 балл.

**3-такпсырма. « Бір топ нүктелерді көшіріп салу »** әдістемесі.

Балаға бір топ нүктелер (саны 20 дан аспауы керек) геометриялық фигураның пішініне ұқсатып салынған парақ беріліп,тапсырманы орындау шарты түсіндіріледі:

«Мына параққа қара. Оның бетінде нүктелер салынған. Осындай суретті дәл қасына көшіріп сал.»

-Үлгіні дәл қайталаған, сурет кішірейтілген болуы мүмкін, бір нүкте қатардан кішкене шетке шыққан — 1балл

-Нүктелер саны мен орналасуы үлгіге сай, екі-үш нүкте қатардан шығып кеткен—2балл.

-Контуры үлгіге ұқсас, бойы мен кеңдігі үлгіден екі есеге дейін үлкен, кеңістікте 180 градусқа дейін бұрылған – 3 балл.

-Контуры үлгіге ұқсамаған бірақ фигура нүктелерден тұрады. — 4балл.

-Шимайлар – 5балл.

Барлық тапсырмалар орындалғаннан соң психолог парақтарды жинап алып оны бағалап шығады. Әр баланың үш тапсырмадан жинаған балдарын бір - біріне қосып, жалпы суммасы шығарылады. Нәтижесіне қарай балалардың мектепке даярлығы өте төмен, төмен, орта, жақсы, жоғары деп бағаланады. Бұл тапсырмаларды орындау барысында балалардың нәзік қимыл әрекеттерінің үйлесімділігі, үлгі бойынша тапсырманы орындай алатындығы, психикалық әрекеттерініңырықтылығы сипатталады.

# Бірінші сыныпқа қабылданған балалардың таным процестерін зерттеу.

**«Қисынсыздықтар» әдістемесі.**

**Мақсаты:**

- Баланың еске сақтау қабілетін зерттеу, логикалық ойлауының көрініс беруін, өзінің ойын грамматикалық жағынан дұрыс жеткізуін және өмірде кездесетін объектілерінің бір-бірімен ара қатынасын түсінуін зерттеу.

Бұл әдістемені Ш. Е. Рысмаханбетованың «Қисынсыздықтар» суреті бойынша жүргізуге болады. Балаға сурет көрсетілгеннен соң оған келесі нұсқау беріледі:

«Мен келесі жұмысқа дайындалып болғанша сен мына суретті көріп отыр». Суретте жануарлардың қисынсыз жағдайда болған сәттері көрсетілген (мысық ағаш басында құс сияқты ұяда отыр, кит иттің үйінде, ақ қайыңда алма гүлі ашылған және алмұрт пен ананас пісіп тұр, терезе алдындағы гүл, үйді қоршаған штакетник орындарынан адасып кеткен).

Бала суретті алып, оны қарап отырған кезде психолог өз жұмысымен айналысып, балаға 30 секунд уақыт береді. Шартты мерзім өткеннен соң психолог суретті алып қояды да баланың сурет бойынша айтқан әңгімесін тыңдайды.

Бала суреттегі барлық қисынсыздықтарды атап шығып, сонан соң олардың дұрыс орналасу ретін көрсетуі керек.

Бала үндемей отырса, психолог оған келесі сұрақтарды ретімен беріп, оны әңгімеге тартуы керек:

- Саған сурет ұнады ма? Бала тек басын изеп жауап берсе оған келесі сұрақтар қойылады.
- Бұл суретте саған не ұнады? Егер бала сурет фрагменттерін ғана атаса келесі сұрақ беріледі.
- Суретте не салынған? Бала жауабының мазмұнына байланысты қосымша келесі сұрақтар қойылуы мүмкін.
- Тағы не бар еді?
- Сурет қызық па?
- Күлкілі нәрсе салынған жерлері бар ма?
- Өмірде осындай жағдайлар кездеседі ма?
- Орындары ауысып кеткен суреттер бар ма?

Егер бала жағдайды дұрыс түсініп, орындры ауысып кеткен жануарларды атап шықса, онда қосымша сұрақ қоюдың ешқандай қажеті жоқ.

Орындау уақыты 3 минут.

**Бағалау шкаласы:**

9-10 балл – бала суреттегі – қисынсыздықты толық атап, қай жерде не нәрсе ақиқатқа сай келмейтінін қанағаттанарлықтай түсіндіргенде қойылады және зерттелініп жатқан қасиеттер өте жақсы дамыған деп бағаланады.

7-8 балл - бала суреттегі қисынсыздықтардың барлығын атап беріп, олардың ақиқатқа сай келмейтіндігін түсіндірсе,бірақ оларды айтып беруге қиналса қойылады. Бұл баланың еске сақтау қабілетінің жақсы дамығанын, логикасы барлығын,дегенмен оның тіл байлығы немесе сөйлеу техникасы онша қалыптаспағанын көрсетеді. Баланың жалпы дамуы жақсы деп көрсетіледі.

5-6 балл – бала қисынсыздықтарды түгел байқаған, бірақ айтып беру барысында 4-5 қисынсыздықты толық көрсетіп, қалғандарын еске түсіруге және ақиқатқа қандай болатынын түсіндіруге қиналса қойылады. Баланың жалпы дамуы орта деп бағаланады.

3-4 балл – бала қисынсыздықтардың 3-4 атап беріп,олардың дұрыс орны қалай екенін әңгімелеп беруге қиналып, қоршаған ортаға жан-жануарлардың өмір сүру ерекшеліетерін толық түсінбейтіндігін көрсеткені. Бұл жағдайда баланың даму деңгейі төмен екені анық байқалып тұр, сондықтан оның оқу мазмұнын алып кету қиын деп бағаланады.

1-2 балл – бала тек сұрақтар қойып жетелеу барысында қисынсыздықтарды еске түсіріп, олар туралы өте қысқа мағлұмат берсе, немесе басын изеп отырса, оның даму деңгейі өте төмен деп бағаланады.

**«10 сөзді жаттау» әдістемесі.**

**Мақсаты:**

Баланың сөздерді ырықты есте сақтауын анықтау.

Бұл әдістеме көмегімен баланың өз зейінін ұзақ уақыт бір әрекетпен шұғылдануға жинақтай алуы, оған қосымша стимулдық материалдар(ойын, көрнекіліктер) қолданбай танымдық қызметін ұйымдастыруға болатындығы анықталыды.

Зерттеуді жүргізу үшін 10 сөз немесе сөз тіркестері дайындалады. Олар бірнеше вариантта болғаны дұрыс. Әр вариантты орындауға арнайы уақыт беріледі.

Бірінші жаттығуды қолданып зерттеу жүргізуді психолог келесі кіріспе сөзбен бастайды: «Балалар, мен қазір сендерге бірнеше сөздер айтамын. Оларды мұқият тыңдап, есте сақтап қалуға тырысыңдар. Мен оқып болғаннан соң сендеролардың ішінен естерінде қалғандарын қайталап айтыңдар».

Жаттығуды екінші рет оатындату үшін нұсқау қайталанады:

«Мен жаңағы сөздерді қайталап оқимын. Сендер ол сөздерді тағыда қайталап айтасыңдар. Бірінші қайталаған сөздеріңмен бірге қазір жаңадан есте сақтаған сөздерді қосып айтыңдар».

Үшінші және төртінші рет қайталап отырғанда ереже қысқаша түсіндіріледі:

«Мен тағыда қайталаймын, ал сендер жақсылап тыңдаңдар». Бесінші рет қайталағанда: «Мен бұл сөздерді соңғы рет оқимын, сендер олардың барлығын түгел қайталауға тырысыңдар» - деп ескерту қажет.

Қалыпты жағдайда дамып келе жатқан балалардың есте сақтауы әрбір қайталаған сайын арта береді. Баланың денсаулығы болмай жүрсе немесе психологиялық проблемасы болса есте сақтауы, керісінше кеми береді.

Сөздер тізімін қайталап оқу барысында ешқандай қосымша түсініктеме берудің қажеті жоқ. Тек қана сөздерді жәй қайталағанда, балаларға: «тағы қандай сөздер есіңе түсті» деген сұрақ арқылы кішкене дем беріп отыруға болады.

Орындау уақыты 7-8 минут.

**Бағалау шкаласы:**

Бір рет оқығанда – 5-6, бес рет қайталағанда – 8-10 сөзді қайталау – сөздерді есте сақтауы жоғары деп бағаланады.

Бірінші оқығанда – 3 - 4, бесіншіден кейін – 5 - 7 – орта.

Бірінші оқығанда – 1 - 2, бесіншіден кейін – 3 - 4 – төмен.

Бірінші оқығанда – 0, бесіншіден кейін – 1 - 2 - өте төмен.

**Сөздер:Уақыт, нан, аспан, өсімдік қар, май, ағаш, көрпе, киім, дала.**Осы сияқты бірнеше вариант тапсырмалар жасап алу керек

**«10 сан» әдістемесі.**

**Мақсаты:**баланың қарапайым математикалық білімін тексеру. Әдістемені сандар ойыны ретінде ұйымдастыруға болады.

**Тапсырмалар:**

1. Келесі сандар қалай аталады: бірнеше бірлік сандар айтылады (2,7,6)

2. 5,7 сандарына көрші сандарды ата. Олар неге көрші сандар деп аталады?

3. 9-дан бір санға кіші санды ата, енді бір санға үлкенді ата.

4. 3 пен 5 сандарының арасында қандай сан тұрады?

5. Бірден онға дейін санап берші.

6. Оннан бірге дейін қалай саналад?

7. Қатар орналасқан үш санды ата.

8. 7 санынан кейін орналасқан санды ата.

9. Аталған саннан үлкен немесе кіші санды қалай шығаруға болады?

10.Санамақ қандай саннан басталады?

**Бағалау шкаласы:**

Бұл әдістеме жоғакрыда көрсетілген «10сөз» әдістемесін орындау ережесі бойынша жүргізіліп, нәтижесі сол шкала бойынша бағаланады.

## «10 фигура» әдістемесі.

**Мақсаты:** Баланың геометриялық фигураларын білуін анықтау.

Төменде берілген сұрақтарды қолдана отырып баламен әңгімелесу барысында, оның білімі туралы мағлұмат жиналады. Бұл әдістемені ойын ретінде

балалар тобымен жүргізугеде болады. Мысалы, психолог балаларды ертегі әлеміне қыдыруға шақырады. Бұл әлемдегі заттардың барлығы геометриялық фигурадан тұрады екен. Осы фигураларды дұрыс атағандар басқа бөлмеге шығуына, үзіліс жасауына, келесі тапсырманы жасауына рұқсат алады. (балаларды қызықтыратын нәрселерді қолдану қажет)

**Әңгімелесуге келесі сұрақтарды қолдануға болады:**

**1.** Қандай фигуралардың атын білесің?

**2.** Столдың беті қандай фигураға ұқсайды?

**3.** Терезе айналары фигураларын атап бер?

**4.** Ыдыстардың басым көпшілігі қандай фигураға ұқсайды?

**5.** Дөңгелек пен шардың айырмашылығы неде?

**6.** Осы бөлмеде пирамидаға ұқсас не бар?

**7.** Сынып бөлмесінде үшбұрышқа ұқсайтын не бар?

**8.** Менің оң жағымда орналасқан нәрселерді аташы? Олар қандай фигураларға ұқсайды?

**9.** Қиыққа ұқсас нәрсені тапшы?

**10.** Фигураларға қарап оларды ата? үшбұрыш, қиық, шаршы, төртбұрыш, ромб, куб, дөңгелек, сопақ, пирамида, бесбұрыш.

**Бағалау шкаласы:**

7-10 фигураны атаса - өте жақсы.

5-6 – жақсы.

3-4 – орта.      1-2 – төмен

## Баланың оқу әрекеттерін зерттеу. Д.Б.Эльконинің «Графикалық диктант» әдістемесі.

**Мақсаты:** Әдістемені қолдану арқылы бала үлкендердің айтқанын зейін салып тыңдауы, сөзбен түсіндірген тапсырмалады дәл орындай алатындығы, қағаз бетіне сызықтарды айтылған бағытта түсіретіндігі, тапсырманы өз бетімен орындауға мүмкіндігі анықталады.

Тапсырманы орындату үшін әр балаға тор көз дәптердің бір парағына төрт нүкте түсіріліп беріледі. Психолог балаларға тапсырманы орындау ретін

түсіндіреді: «Біз қазір осы параққа әр түрлі ою-өрнек саламыз. Оларды қолдарыңнан келгенше әдемі етіп салуға тырысыңдар. Ою-өрнек жақсы шығу үшін

менің айтқан сөзімді жақсылап тыңдаңдар. Мен сендерге неше клетка бойыменен

қалай қарай сызық жүргізу керек екенін айтып отырамын. Тек мен айтқан сызықтарды ғана жүргізіңдер. Әр сызықты аяқтағаннан соң қаламды қағаздан алмастан келесі жолды сол жерден бастайсыңдар.

Енді қаламды оң қолдарыңа алыңдар. Оң қолдарыңды көтеріңдерші. Мен, сызықты оңға қарай жүргізіңдер дегенде оны мына қабырғаға қарай жүргізесіңдер (оң жақтағы қабырға көрсетіледі, немесе оң жақта орналасқан зат айтылады және тақтада оң жаққа қарай сызық сызылып көрсетіледі). Мен бір клетка бойымен оңға қарай сызық түсірдім. Енді борды тақтадан алмай екі клетка бойымен жоғары қарай сызық сызамын. Ою-өрнек түсіру үшін сызықты енді солға қарай бұрып түсіремін. Сол қолдарыңды көтеріңдерші. Сызықты терезеге қарай түсірсек ол солға қарай болады (Сол жақта орналасқан зат аталады). Борды тақтадан алмай осы бағытта үш клетка бойымен сызық түсіремін. Бұл өрнекті қалай салу керек екенін барлығың түсіндіңдерме? – деген сұрақтан кейін балаларға бірінші өрнекті салғызу керек.

«Өсы өрнекті өздерің салыңдар.Қаламды ең жоғарғы клеткаға қойыңдар. Енді менің түсіндіруім бойынша ою-өрнекті асықпай салыңдар». Психолог балалардың әрекеті қандай болатынын олардың жұмыс темпіне қарай айтып отырады. Балалардың барлығы әр сызықты толық аяқтауына мүмкіндік жасауы қажет. Сондықтан орындау уақыты шектелмейді.

Психолог, өзінің айтуы бойынша жасалған өрнекті тексеріп болғаннан соң, зерттенушілерге 1-2 минут ішінде оюды өздігімен жалғастырып салуына мүмкіндік береді. Тапсырманы орындау барысында балалардың жұмысын мақтап, сызықтары қисық шыққандарға: «қолың біраз жаттыққаннан соң жақсы салатын боласың», деп оларға үлкен үмітпен қарайтынын білдіріп отырады, бірақ ешқандай қосымша түсіндірудің қажеті жоқ.

Бірінші жаттығуды орындап болғаннан соң оны жалғастырудың қажеті жоқ екені түсіндіріліп, келесі ою-өрнекті салу үшін қаламды қай клеткаға қою керек, одан сызықтарды қалай қарап түсіру реті бұрынғы үлгі бойынша жүргізіледі. Әр тапсырманы орындауға 1, 5-2 минут уақыт беріледі. Барлығы төрт тапсырма орындалады.

**Нәтижені бағалау**.

Бірінші жаттығу бағаланбайды. Келесі жаттығуларды бағалағанда тапсырманың психологтың айтуы бойынша орындалған бөлігі мен балалардың өз бетімен орындаған өрнектері бөлек бағаланады.

Бағалау шкаласы:

- ою-өрнек дәл орындалса – 4 балл (қолы дірілдегені, жұмыс лас орындалғаны қате деп есептелмейді).
- бір сызық дұрыс жүргізілмесе – 3 балл
- бірнеше қате жіберілсе – 2 балл.
- кейбір элементтері ғана нұсқауға сай келсе – 1 балл.
- ешқандай ұқсастық болмаса – 0 балл.
- бала жұмысты өз бетімен жалғастырса оның салған өрнектері осы шкала бойынша бағаланып онда жинаған ұпайлар жалпы баллға қосылады.

Баланың әр тапсырманы психолог сөзі бойынша және өз бетімен орындағандарының баллдарын қосу арқылы қорытнды бағасы шығарылады. Жалпы балл 0 (ең төменгі көрсеткіш) ден 16-ға (ең жоғарғы көрсеткіш) дейін болады. Жоғарғы көрсеткіштер баланың сөзбен түсіндірген тапсырманы орындай алатындығын және майда қимыл әрекеттерінің жетілгенін көрсетеді.

**«Ертегі айтып берші» әдістемесі.**

**Мақсаты:** Баланың сөйлеу техникасын және тіл байлығын анықтау.

Балаға өзі білетін ертегіні айтқызып, ондағы кейіпкерлер қандай ерекшеліктер - мен сипатталатынын қосымша сұрақтар қойып анықтау арқылы жүргізіледі. Бұл тәсілдің көмегімен балалардың шығармашылшық қабілетін дамытып, тіл байлығын тереңдетуге болады. Тапсырманы орындату барысында келесі көрсеткіштер бағаланады.

1.Дыбыстардың дұрыс айтылуы.

2.Дикциясы анықтығы.

3.Даусының мәнерлілігі.

4.Сөздік қоры.

5.Сөзді нақты орнымен қолдана білуі.

6.Ұғымдарды түсіндіретін лексикондағы сөздің бары.

7.Сөйлеуде грамматикалық қатенің болмауы.

8.Әр түрлі сөйлемдерді дұрыс құра білуі.

9.Сөйлемдегі сөздердің ретін дұрыс анықтай білуі.

10.Сөйлемде аяқталған ойды айта білуі.

11.Әртүрлі сипаттағы сұрақтарға жауап беруі.

12.Қысқа әңгіме құра білуі.

13.Құбылыстарды, әрекеттерді, фактілерді бір-бірімен байланыстыру.

**Бурдон тесті**

**мақсаты:** зейіннің қалыптасу деңгейін бағалау.

Орындау ережесі: « 5 минут ішінде осы кестедегі әріптерді қатар бойынша оқып, «с», «қ», «ә» әріптерін былай етіп «/с», «/қ», «/ ә» сызып таста. Әр бір минут

аяқталғанда (оны психолог айтып отырады) келген жеріңе белгі қойып, жұмысыңды одан әрі жалғастыра бер. 5 минут өткеннен соң нәтижесін бағалаймыз».

Тапсырманы орындау барысында балаларға қосымша тапсырма берудің және тапсырманы орындау ережесін қайта түсіндірудің қажеті жоқ. Тапсырмаларды орындауға берілген 5 минут уақыт аяқталғаннан соң парақтарды жинап алу керек.

**Бағалау шкаласы:**

Әр минутта қарап шыққан әріптер көлемі және қате сызылған әріптер саны анықталады. Қате сызылған әріптер саны қарап шаққан қатар санына бөлінеді. Осы қатынас қанша көп болса, бала зейіні сонша төмен бағаланады.

**Тапсырмалар парағы:**

С х қ е х а р с т у л ә с қ ж ф в д л к ә ө т с я с к е қ г у ш а
І ы с м ә ы ф ж қ а с ч о р п к ә ң ж ю л д ң ә с қ о г і и м ы ж ғ
ә с в п и н г қ з ш ғ с е а ә в д с щ қ н е х ф қ с ә б д л о р п к і
ә д ж б о с в п р и ғ р ә ф д ш о ө р қ е н ә я ч к е і с м қ р л ә в
ж з о қ п л ы в ә с б э ч ә и п с ы д э п н і г у қ ш о л н г ә м л ы
ф ч с п и в ш б ұ қ і ғ а с е п и т ы ю л ә і ң а ғ п с м и н р г ш қ
ұ о г ц ң ә с ч в а о л ә л о ш қ ұ р н з в а т с ә в ы ф ч с б д оп ш
г ұ т қ д ц е ә п к г т с и п э г ә в ц қ з ы е п с р п н әз в қ ұ и м
с г д в ә с ы ц й х қ б ә о р с н е к ә қ д л о з у ә л а ф қ ө ғ н с б
ш л ә и р а ә т и с қ г о р д а н ш ә т и б с я в ф ө қ ұ ү ғ ң д ә э
ю я ф ы в с о у х з қ л к е ә т и д с в ж д л ә ш л н қ р п а ұ с а к
ғ н ә і қ т и с г н ж ә п н к а м к н и рс и д г ә с в қ л ш г ә ы в
с д л о э с л қ н е а қ о т в ә м д с щ н г о ц е ң с о т и қ р н ұ қ т
ш і ә м с х б л ә т ш с қ о н р а е ә қ о р т и қ с а д л қ о н ә т р
ы н л ә о ы ш қ и х з с ч і ә г н қ п а ц қ с м а с у а н ш қ э д ә ф
о а н қ и д с в а о г з х у ш к қ с в д л т р ә в қ ш ы қ ө о д с ң н
г ә в з х қ т о г ә м к ы қ т в с э ә ч я қ а д л е қ р в

\

_

_______ Сынып ________________________________аты – жөні

**Тапсырмалар парағы:**

**С х қ е х а р с т у л ә с қ ж ф в д л к ә ө т с я с к е қ г у ш а**
**І ы с м ә ы ф ж қ а с ч о р п к ә ң ж ю л д ң ә с қ о г і и м ы ж ғ**
**ә с в п и н г қ з ш ғ с е а ә в д с щ қ н е х ф қ с ә б д л о р п к і**
**ә д ж б о с в п р и ғ р ә ф д ш о ө р қ е н ә я ч к е і с м қ р л ә в**
**ж з о қ п л ы в ә с б э ч ә и п с ы д э п н і г у қ ш о л н г ә м л ы**
**ф ч с п и в ш б ұ қ і ғ а с е п и т ы ю л ә і ң а ғ п с м и н р г ш қ**
**ұ о г ц ң ә с ч в а о л ә л о ш қ ұ р н з в а т с ә в ы ф ч с б д оп ш**

**гұтқдцеэпкгтсипэгэвцқзыепсрпнэзвкқұим**
**сгдвэсыцйхқбэорснекэқдлозуэлафқөғнсб**
**шлэираэтисқгорданшэтибсявфөқұүғңдээ**
**ю яфывсоухзқлкеэтидсвждлэшлнқрпаұсак**
**ғнэіқтисгнжэпнкамкнирсидгэсвқлшгэыв**
**сдлоэслқнеақотвэмдсщнгоцеңсотиқрнұқт**
**шіэмсхблэтшсқонраеэқортиқсадлқонэтр**
**ынлэоышқихзсчіэгнқпацқсмасуан шқэдэф**
**оанқидсваогзхушкқсвдлтрэвқшықөодсңн**
**гэвзхқтогэмкықтвсээчяқадлеқрворсқжэл**
**дқсорэхлдасқхэрмтрқьтслпнэдпоқорпэдст**
**сгдвэсыцйхқбэорснекэқдлозуэлафқөғнсб**
**шлэираэтисқгорданшэтибсявфөқұүғңдээ**
**ю яфывсоухзқлкеэтидсвждлэшлнқрпаұсак**
**ғнэіқтисгнжэпнкамкнирсидгэсвқлшгэыв**
**сдлоэслқнеақотвэмдсщнгоцеңсотиқрнұқт**
**шіэмсхблэтшсқонраеэқортиқсадлқонэтр**
**ынлэоышқихзсчіэгнқпацқсмасуан шқэдэф**
**оанқидсваогзхушкқсвдлтрэвқшықөодсңн**
**гэвзхқтогэмкықтвсээчяқадлеқрворсқжэл**
**дқсорэхлдасқхэрмтрқьтслпнэдпоқорпэдст**
**нэтижесі**________________________________

**_______ Сынып ___________________________________________ аты – жөні**
**Тапсырмалар парағы:**
**Схқехарстулэсқжфвдлкэөтсяскеқгуша**
**Iысмэыфжқасчорпкэңжюлдңэсқогiимыжғ**
**эсвпингқзшғсеаэвдсщқнехфқсэбдлорпкі**
**эджбосвприғрэфдшоөрқенэячкеiсмқрлэв**
**жзоқплывэсбэчэипсыдэпнiгуқшолнгэмлы**
**фчспившбұқiғасепитыюлэiңағпсминргшқ**
**ұогцңэсчваолэлошқұрнзватсэвыфчсбдопш**
**гұтқдцеэпкгтсипэгэвцқзыепсрпнэзвкқұим**
**сгдвэсыцйхқбэорснекэқдлозуэлафқөғнсб**
**шлэираэтисқгорданшэтибсявфөқұүғңдээ**
**ю яфывсоухзқлкеэтидсвждлэшлнқрпаұсак**
**ғнэіқтисгнжэпнкамкнирсидгэсвқлшгэыв**
**сдлоэслқнеақотвэмдсщнгоцеңсотиқрнұқт**
**шіэмсхблэтшсқонраеэқортиқсадлқонэтр**
**ынлэоышқихзсчіэгнқпацқсмасуан шқэдэф**
**оанқидсваогзхушкқсвдлтрэвқшықөодсңн**
**гэвзхқтогэмкықтвсээчяқадлеқрвюслахқ**
**хққоасэеархқсзюқарэесқьсфхқққэеректас**
**сгдвэсыцйхқбэорснекэқдлозуэлафқөғнсб**
**шлэираэтисқгорданшэтибсявфөқұүғңдээ**
**ю яфывсоухзқлкеэтидсвждлэшлнқрпаұсак**
**ғнэіқтисгнжэпнкамкнирсидгэсвқлшгэыв**
**сдлоэслқнеақотвэмдсщнгоцеңсотиқрнұқт**
**шіэмсхблэтшсқонраеэқортиқсадлқонэтр**
**ынлэоышқихзсчіэгнқпацқсмасуан шқэдэф**
**оанқидсваогзхушкқсвдлтрэвқшықөодсңн**
**гэвзхқтогэмкықтвсээчяқадлеқрворсқжэл**
**дқсорэхлдасқхэрмтрқьтслпнэдпоқорпэдст**
нэтижесі________________________________

**«Сандар қатарын есте сақтау»** әдістемесі

**Мақсаты**: оқушылырдың есте сақтау қабілетінің даму деңгейін анықтау және ес процестерін жетілдіруге ықпал жасау.

**Бірінші тапсырма.**

Орындау ережесі: Оқушыларға тесті орындау тәртібі түсіндірледі: «Мен сандар қатарын асықпай оқып беремін. Оларды ретін бұзбай есте сақтау керек. Бұл сандар – бірінші қатар сандар болады. Екі үш секунд өткеннен соң мен екінші қатардағы сандарды оқимын. Олардың көптігі тура бірінші қатардағыдай. Жаңа оқылған қатардғы бірінші санды бұрын оқылып, есте сақталған қатардағы бірінші санға қосыңдар,

Сол сияқты екінші қатардың екінші санын бірінші есте сақталған қатардағы екінші санға, ал үшіншісі – үшінші санға, төртіншісі - төртінші санға қосыңыздар. Барлық амалдарды ойда орындап болғаннан соң нәтижелерін берілген параққа жазыңдар»

Сандар бір секунд үзіліспен оқылады.

Санадар қатары:

1- ші вариант.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 қатар | 3 | 1 | 5 | 2 |
| 2 қатар | 2 | 4 | 2 | 3 |
| Нәтижесі: | 5 | 5 | 7 | 5 |

2 – ші вариант.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 қатар | 2 | 3 | 9 | 8 |
| 2 қатар | 1 | 3 | 2 | 4 |
| Нәтижесі: | 3 | 6 | 11 | 12 |

Санның ретін бұзу немесе басқа санды жазу қате деп есептелінеді.

**Екінші тапсырма:**

Ес көлемін өлшеу үшін 15 ондық сандар оқылады. Әр сан арасында бір секунд уақыт өткеннен соң келесі сан оқылады.

Бірінші қатар:

16, 72, 98, 53, 46, 29, 14, 93, 48, 32, 51, 74, 26, 69, 19.

Екінші қатар: бұл тапсырманы сол тәртіппен орындалады.

23, 17, 43, 12, 29, 94, 67, 11, 48, 60, 37, 41, 74, 53, 96.

Бағалау шкаласы: реті бұзылған, ұмытылған сандар қате боып есептелінеді.

7 -10 ес көлемі жақсы;

4 – 6 ес көлемі орта;

2 – 3 ес көлемі төмен.

Бұл көрсеткіштерге баланың ден саулығы, эмоционалдық жағдайы, шаршауы әсерін тигізуі мүмкін. Сандармен амалдар жүргізетін жаттығулар ес операцияларын, ойлау процесін жетілдіруге үлкен әсері бар. Сондықтан, бірнеше вариантын жасап алпы қайта – қайта өткізіп тұруға болады.

## Зейінді бағалау (Мюнстерберг әдістемесі)

**Мақсаты:** зейіннің таңдамалылығын және кедергілерге көңіл аудармай іс-әрекетін тиянақты орындауын бағалау.

**Орындау ережесі:** әріптерден тұратын текстің ішінде мағынасы бар сөздер кездеседі.Текcті мүмкіндігінше тезірек қарап шығып,әріптер арасындағы «жасырынып» тұрған сөздерді тауып,олардың астын сызып шығу керек.

Мысалы: рюкледпсихологфыврукеж. Бұл қатардағы әріптер арасында «психолог» деген сөз жасырынып тұр.

Орындау уақыты 2 минут.

Аты-жөні-----------------------------------------------------------------------------
Сынып-----------------------------------
Тапсырма:

Б л о м е н с ч ы х к ү н і г е э ж д р р т а ң е р т е ң б ю ф
к л е с щ з х ъ ф ы е р т е г р т ы х т ұ р а м ы н ж д э х ш и ж у
ы н ы п п а в ы ф т а р а н ы п о л д ж э а л ғ а н н а н х з д л о м
с о ң к р ы ф я т а м а қ т а н ы п ң к у і ғ к и і н і п к у ц й і ң м е
к т е п к е қ щ ұ ш з қ х ы ф б а р а м ы н һ ө қ з щ ш о н д а ж д
л о р қ м е н і ң ю д щ ұ ү ш д о с т а р ы м ф ц ң і у в с ю ө з ж
л о к ө п д л л о р п о л а р м е н в к ғ н е і б і р г е ъ х з щ ш с а
б а қ т а р д ы е к у ц й ң і ж а қ с ы л а п ң г ш г ш ю щ щ з м е
ң г е р і п е к у ц й й ц у у к з щ т ү с і н б е г е н л д д ж а ғ д а
й д а к у ц ң ғ е м ұ ғ а л і м н е н р о о л л д ж ж к ө м е к н е к
у у ц с ұ р а й м ы з г ш щ б і з д і ң з л о т м е к те п г ш ш г е у
і р і ъ х з ш г ө т е ң ғ й ц у қ ы з ы қ щ з з х ъ х бю б ь к ө п т е
г е н е к у к у ц й с а б а қ т а н ң ғ л ж ь ю т ы с ш з ш щ ш а р
а л а р и а з ю х б о л а д ы з щ ш ж а қ ы н д а к е о қ у д ы ғ ң е
б і т ір е м і з н г ш щ м а м а н д ы қ г ш ш щ а л у ғ а г щ щ з қ
а т т а н а м ы з е э ж д с а у б о л о у м е к т е п н г ш з щ.

Қорытынды-----------------------------------------------------------------------
---------------------------------------------------------------------------------
----------------------------------------------------------------------------

**алды**

**Зейінді бағалау (Мюнстерберг әдістемесі)**

Орындау уақыты 2 минут.

Аты-жөні: ________________________________

Сынып: _____________

Тапсырма:

Б л о м е н с ч ы х к ү н і г е э ж д р р т а ң е р т е ң б ю ф
к л е с щ з х ъ ф ы е р т е г р т ы х т ұ р а м ы н ж д э х ш и
ж у ы н ы п п а в ы ф т а р а н ы п о л д ж э а л ғ а н н а н х з д л
с о ң к р ы ф я т а м а қ т а н ы п ң к у і ғ к и і н і п к у ц й і ң
м е к т е п к е қ щ ұ ш з қ х ы ф б а р а м ы н һ ө қ з щ ш о н д а ж
л о р қ м е н і ң ю д щ ұ ү ш д о с т а р ы м ф ц ң і у в с ю ө з ж
л о к ө п д л л о р п о л а р м е н в к ғ е і б і р г е ъ х з щ ш с а
б а қ т а р д ы е к у ц й ң і ж а қ с ы л а п ң г ш г ш ю щ щ з м е
ң г е р і п е к у ц й й ц у у к з щ т ү с і н б е г е н л д д ж а ғ д а
й д а к у ц ң ғ е м ұ ғ а л і м н е н р о о л л д ж ж к ө м е к н е к
у у ц с ұ р а й м ы з г ш щ б і з д і ң з л о т м е к т е п г ш ш г е у
і р і ъ х з ш г ө т е ң ғ й ц у қ ы з ы қ щ з з х ъ х б ю б ь
к ө п т е г е н е к у к у ц й с а б а қ т а н ң ғ л ж ь ю т ы с ш з ш
щ ш а р а л а р и а з ю х б о л а д ы з щ ш ж а қ ы н д а к е о қ у д
б і т і р е м і з н г ш щ м а м а н д ы қ г ш ш щ а л у ғ а г щ щ з қ
а т т а н а м ы з е э ж д с а у б о л о у м е к т е п н г ш з щ.

Қорытынды-----------------------------------

**Психолог: Рысбаева Г.Т**

**Зейінді бағалау (Мюнстерберг әдістемесі)**

Орындау уақыты 2 минут.

Аты-жөні: ______________________________________

Сынып :__________________

Тапсырма:

Б л о м е н с ч ы х к ү н і г е э ж д р р т а ң е р т е ң б ю ф
к л е с щ з х ъ ф ы е р т е г р т ы х т ұ р а м ы н ж д э х ш и
ж у ы н ы п п а в ы ф т а р а н ы п о л д ж э а л ғ а н н а н х з д л
с о ң к р ы ф я т а м а қ т а н ы п ң к у і ғ к и і н і п к у ц й і ң
м е к т е п к е қ щ ұ ш з қ х ы ф б а р а м ы н һ ө қ з щ ш о н д а ж
л о р қ м е н і ң ю д щ ұ ү ш д о с т а р ы м ф ц ң і у в с ю ө з ж
л о к ө п д л л о р п о л а р м е н в к ғ н е і б і р г е ъ х з щ ш с а
б а қ т а р д ы е к у ц й ң і ж а қ с ы л а п ң г ш г ш ю щ щ з
м е ң г е р і п е к у ц й й ц у у к з щ т ү с і н б е г е н л д д
ж а ғ д а й д а к у ғ е м ұ ғ а л і м н е н р о о л л д ж ж к ө м е к н
у у ц с ұ р а й м ы з г ш щ б і з д і ң з л о т м е к т е п г ш ш г е у
і р і ъ х з ш г ө т е ң ғ й ц у қ ы з ы қ щ з з х ъ х б ю б ь
к ө п т е г е н е к у к у ц й с а б а қ т а н ң ғ л ж ь ю т ы с ш з ш
ш а р а л а р и а з ю х б о л а д ы з щ ш ж а қ ы н д а к е о қ у д ы
б і т і р е м і з н г ш щ м а м а н д ы қ г ш ш щ а л у ғ а г щ щ з қ
а т т а н а м ы з е э ж д с а у б о л о у м е к т е п н г ш з щ.

Қорытынды-----------------------------------

**Психолог: Жетибаева Г.Қ**

# «Шульте кестелері» әдістемесі.

**Мақсаты:**зейіннің тұрақтылығын және жұмысқа қабілеттілік динамикасын анықтауға арналған. Шульте кестесін зейінді дамытуға да қолданады.

Орындау ережесі: Бұл әдістеме 1 ден 25-ке сандар аралас орналасқан бес кестеден тұрады.Зерттелінушіге олар ретімен көрсетіліп,келесі нұсқау беріледі:

«Сізге бірінен соң бірі бес кесте көрсетіледі.Олардың әр қайсысында 1 ден 25-ке дейін сандар араластырып жазылған.Әр кестедегісандарды тез-тез, ретімен тауып көрсетіңіз.Бірінші кестеніорындап болғаннан соң екіншісін ашып, ондағы сандарды, дәл сол тәртіппен 1-ден 25-ке дейін ретімен табыңыз.»

1-кесте

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 18 | 22 | 2 | 11 | 21 |
| 12 | 8 | 17 | 15 | 1 |
| 5 | 14 | 9 | 20 | 10 |
| 19 | 3 | 25 | 4 | 23 |
| 13 | 24 | 6 | 16 | 7 |

2-кесте

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 9 | 5 | 24 | 13 |
| 16 | 10 | 19 | 11 | 3 |
| 21 | 2 | 14 | 25 | 18 |
| 15 | 17 | 4 | 12 | 7 |
| 23 | 8 | 22 | 6 | 20 |

3-кесте

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 23 | 7 | 22 | 15 | 25 |
| 4 | 12 | 14 | 11 | 5 |
| 21 | 2 | 1 | 24 | 16 |
| 18 | 13 | 20 | 6 | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | 19 | 8 | 17 | 9 |

4-кесте

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 25 | 4 | 6 | 23 | 2 |
| 12 | 22 | 15 | 1 | 21 |
| 5 | 11 | 9 | 16 | 7 |
| 20 | 3 | 17 | 8 | 24 |
| 13 | 19 | 10 | 14 | 18 |

5-кесте

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 22 | 9 | 2 | 16 | 7 |
| 5 | 10 | 24 | 19 | 11 |
| 25 | 1 | 15 | 12 | 6 |
| 4 | 23 | 8 | 3 | 20 |
| 18 | 21 | 13 | 17 | 14 |

**Т1 -**
**Т2 -**
**Т3 -**
**Т4 -**
**Т5 -**

**Нәтижесі:----------------------**
**---------------------------------**
**---------------------------------**

Кестені ашып бергеннен соң секундомер қосылып,тапсырманы орындауға жіберілген уақыт анықталады.Зерттелінуші бірінші кестедегі сандарды тауып болғаннан соң,келесі кесте ашылып,оны орындау уақыты секундомер бойынша анықталады.Солайша үшінші,төртінші,бесінші кестемен жұмыс жүргізіледі.Әр тапсырманы орындау уақытының өзіне тән мән-мағынасы бар.Сондықтан,оның әрқайсысына қажет болған уақыт Т1,Т2,Т3,Т4,Т5 – деп белгіленеді де, олар секундомер көрсеткіші бойынша тіркеледі.

*Нәтижесін талдау:*

Тапсырмаларды орындау уақыты және әр кесте бойынша жіберген қателерді зерттеу графигіне түсіріледі.График бойынша зейіннің тұрақтылығы және жұмысқа қабілеттілігі «шаршау қисығы» бойынша анықталады.

**А.Ю.Козыреваның** ұсынысы бойынша осы тест көмегімен жұмыс сапасын (ЖС),орындауға күш жұмсауын (КЖ) және психикалық тұрақтылығы (ПТ) анықталады.Оларды келесі формулаларды қолданып есептен шығуға болады.

$$ЖС = \frac{T1+T2+T3+T4+T5}{5}$$

Т1 - бірінші кестені орындауға жіберген уақыты;
Т2 - екінші тапсырманы орындау уақыты;
Т3 – үшінші тапсырманы орындау уақыты;

Т4 – төртінші тапсырманы орындау уақыты;
Т5 – бесінші тапсырманы орындау уақыты.

ЖС көрсеткішін секундпен бағалағанда баланың жасын келесі кесте бойынша есептеу қажет.

| **Балл / Жасы** | **5 балл** | **4 балл** | **3 балл** | **2 балл** | **1 балл** |
|---|---|---|---|---|---|
| **10** | **45 сек.одан аз** | **46-55** | **56-65** | **66-75** | **76 және одан көп** |
| **11** | **35 сек. Одан аз** | **36-45** | **46-55** | **56-65** | **66 және одан көп** |
| 12 | 30 сек. Одан аз | 31-35 | 36-45 | 46-55 | **56 және одан көп** |

Күшін жұмсауы келесі формуламен анықталады:

$$КЖ = \frac{Т1}{\textbf{ЖС}}$$

**Бірінші тапсырманы орындау уақыты мен жұмыс сапасының ара қатынасы 1,0 тең болса ол зерттелінушінің жұмысқа бар күшін салатынын көрсетеді,1,0 – ден қанша көп болса,ол адамның жұмысқа даярланатын уақыты мол болуы керек.**

**Психикалық тұрақтылықты (шыдамдылықты) анықтауға келесі формула қолданылады:**

$$ПТ = \frac{Т4}{Т5}$$

**Нәтижесі: 1,0-аз болса – Пт өте жақсы**
**1,0-көп болса –Пт төмен.**

# 4 – сынып оқушыларының дамуы және оқуы әрекетінің қорытынды диагностикасы.

Аты-жөні------------------------------------------------------------------------------------Сыныбы-----------------------------

**Оқушы мотивтерін 3 сұрақ арқылы анықтауға болады**.
Мысалы:
1.Сен не үшін оқып жүрсің?
2.Саған қандай сабақтар ұнайды?
3.Сен енді 5-сыныпқа өтесің,қандай сезімде жүрсің?

**Сен не үшін оқып жүрсің?**

- Маған сабақ ұнайды.
- Ата-анамның айтуымен.
- Көп білу үшін.
- Жақсы жұмыс істеу үшін.
- Балалармен бірге болу үшін.
- Осылардан басқа өз жауабын жаз.

## Қандай пәндер ұнайды?

| **Пәндер** | **Өте ұнайды** | **Ұнайды** | **Бірқалыпты ұнайды** | **Онша ұнамайды** | **Мүлдем ұнамайды** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Қазақ т** | | | | | |
| **Математика** | | | | | |
| **Дүние т** | | | | | |
| **Ана т** | | | | | |
| **Орыс т** | | | | | |
| **Ағылшын т** | | | | | |
| **Эканомика** | | | | | |
| **Сурет** | | | | | |
| **Еңбек** | | | | | |
| **Дене тәрбие** | | | | | |
| **Ән-күй** | | | | | |
| **Өзін-өзі тану** | | | | | |
| | | | | | |

3 – 5 сыныпқа өтерде қандай сезімде боласың?

-Қуанышты. -бақытты

-Қорқынышты,үрейлі -өкінішті

## «Өмірде жоқ хайуанаттар » әдістемесі.

**Мақсаты:**отбасында қалыптасқан қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтау.

**Жүргізу тәртібі:**Балаларға табиғатта кездеспейтін жануардың суретін салып,оны атау керек екендігі түсіндіріледі.

**Тестіні талдау ережесі:**

1.*Суреттің парақта орналасуы:*

Суреттің вертикальды жағынан парақтың ортасында болса немесе парақтың жоғарғы жағында орналасса - өз-өзін бағалауы өте жоғары, өзінің қазіргі жағдайына разы емес,барлық жағынан басқалардан жоғары болғысы келеді.

Сурет парақтың төменгі жағында орналасса - өзін-өзі бағалауы төмен, өз-өзіне сенімі жоқ,шешім қабылдауы баяу, үрейленіп жүреді.

2. *Суреттің орталық мағыналық бөлігі – бас:*

Оңға қараған бас – іскер адам; жоспарлаған,ойлаған іс-әрекеттерін іске асырады.Солға қараған бас – ойланғыш адам, «іс адамы емес», жоспарлаған нәрселердің кейбіреулері ғана орындалады.Іске кірісер алдында ойланып-толғанып, қорқақтық көрсетеді, шешім қабылдауы қиын.Тік орналасқан бас – эгоцентризм белгісі.

3.*Бас мүшелері:*

Көз – қогрқыныш белгісі,ол барлық детальдармен, көз қарашығына дейін анық салынса – зерттелінушінің мазасыздануы және қорқынышы анық байқалғаны.

Кірпік – ұстамалы мінез көрсетуі,өзінің келбетіне, модаға сай киінуін өте үлкен мән беретіндігі,жұртты таң қалдыруға құмарлығы.

Құлақ – мағлұматтарға қызығуы,өсекке құмарлығы, «мен туралы басқалар не ойлайды екен, не дейді екен» деп құлақ түріп жүреді екен.

Ауыз – ашық.ішінен тілі көрініп тұрса – ол сөзшең, басқалардың сөзіне өнша мән бермейді.

Ерін – ерекше көңіл аударылса – сезімталдық; ауыз ашық,тіл көрініп тұрған жоқ – үндемес; қаралап бояған ауыз – қорқақтық, сенімсіздікті білдіреді; тістер көрініп тұрса - өзін -өзі қорғауға вербальдық агрессияны қолдануы.

Өте үлкен бас – ақылдың белгісі (эрудиция).

Мүйіз,тырнақ,инелер – қорғану,физикалық агреция белгісі.

Қауырсын - өз-өзін сәндеуге және ақтауға құмарлық,көзге түсуге ынталылық.

Жал,түк,кекіл,шаш – сексуальдылық белгісі.

4.*Аяқ:*

Аяқ ауыр,жуан,бір сызықтың бойында орналасқан, орнықты болса – адам орнықты, байсалды,шешімді жан-жақты ойланып қабылдайды; тәуекелшіл емес,нақты фактілерге сүйенеді.керісінше болса – жеңілтек ойы қысқа.

Аяқ мүлдем жоқ болса – ойланбай шешім қабылдайды.

Аяқтың денемен жалғасуы - әдемілеп,нақты қосылса адамның өзінің ойын, шешімін қадағалап жүруі, әйтеуір жалғасса – керісінше,ерме, жеңілтек, ойшыл емес.

Біркелкі аяқтар – дәстүршіл,жаңашыл,шығармашылыққа құмар емес. Түрлі аяқтар, жалғаулар болса – дербестік,тәуелсіз,өз ойы бар,жаңашыл,өнерге жақын адам болуы мүмкін.

5.*Фигураның үстінде тұрған бөлшектер:*

Олар пайдалы немесе сән элементі болуы мүмкін:

Қанат,қосымша аяқтар,қармалауыштар,сауыт,қауырсындар – энергия,жан-жақты даму,өзіне деген сенімділік,белсенділік белгісі.

Бұйралар,гүлдер - өзіне басқалардың көңілін аударуға құмарлық, демонстративтік.

Құйрық - өз іс-әрекетіне шешіміне,ойына,істеген жұмысына көз-қарасын білдіреді:құйрық оңға бұрылған болса – «+», солға бұрылған болса – «- », жоғары қараған – (+) сенімді , жақсы; төмен қараған – (- ) өзіне өзі риза емес,тұнжыраңқы.

6.*Фигураның нұсқасы:*

Инелер,сауыт салынған,қараланған – қоршаған ортадан қорғану.

Бұрыш-бұрыш сурет – агрессиялық қогрғанысты білдіреді.

Жоғары қараған қалқан - өсек, келеке,беделдің жоқтығынан қорғану.

Дененің басқа жерлеріндегі қалқаншалар – қорғанысқа даярлық.

Шеңбер тәрізді фигура –тұйық,сырын ешкімге айтпайтын адам.

7.*Жалпы энергия:*

Егер суретте тек қана жануарларды сипаттайтын элементтерден тұратын болса – энергия үнемделген,суреттің сызықтары әрең көрінеді – созылмалы аурудың белгісі.

Қосалқы элементтерге бай (штрих,бояуы қою,детальдары көп) болса – энергия өте жоғары.

8.*Тақырыпқа байланыстылығы* – салынған жануар – салушының бейнесі б.т.

9.*Адамға ұқсастығы; тік жүретін (екі аяқты )*, Адам киімін киетін,түрі адамдарға ұқсас боласа – инфантилизм,эмоционалдық дамуы жетілмеген.

10.*Дененің жанды жерлерін көрсету* – көзге лампочка бұрап,құйрыққа электрошнур, басына проплер қадап,аяқ орнына трактордың немесе танктің шынжыр табаны болса – психологиялық дамуында ауытқуы бар екені анық байқалады.

11.*Шығармашылық мүмкіндіктері:* дайын,табиғатта бар жануарға ұқсастық – нәрсіз,ешқандай жаңаклық жоқ.

Ерекше фигура – шығармашылық белгісі.

12.*Атаулары:ұшқыш қоян,бегемот* – рационалдық,шыншылдық белгісі.

Латыншаға ұқсас келген атаулар – эрудиция белгісі.

Мағынасыз атаулар – жеңілтектік белгісі;әзіл атаулар – қоршаған ортаға көз қарас.

Қайталану (тру-тру) – инфантилизм,өте ұзақ атаулар – фантазиясы жақсы дамыған.

## « Менің жанұям » әдістемесі.

(орта буын және жоғары сыныптарға арналған)

*Мақсаты:*баланың отбасындағы қарым-қатынасын және статусын диагностикалау.

Пиктограмманың ерекшелігі оған қатысушылардың өзін-өзі бақылауы, қарым-қатынас ерекшеліктері, баланың отбасындағы әр адамға көзқарасы,мазасыздануы,шиеленіс жағдайлары санадан тыс көрініс береді.Отбасындағы жағдайды баланың өзі де,ата-анасы да өте жақсы бағалауы мүмкін.

Дегенмен астыртын әсерін тигізетін факторлар болып агрессиясын жоғарылатып, мазасыздануын толғандырып жіберуі мүмкін.

*Құрал жабдықтар*: бір парақ қағаз,түрлі түсті қалам,өшіргіш.

*Зерттеу барысы:* Мына параққа өз отбасыңның  кеншқұрымдық жағдайын көрсететін сурет сал.Отбасындағы әрбір адамның белгілі бір іспен айналысып жатқанын көрсеткенің дұрыс болады деп тапсырма түсіндірілген соң балалар сурет салуға кіріседі.Суретті салып болғаннан соң,әр баламен әңгімелесе отырып, келесі сұрақтарға жауап алып отыру керек:

а)мына суретте кімнің отбасы салынған,өзінің, қандайда да бір досының немесе ойдан шығарған кейіпкерлер болуы да мүмкін.

б)бейнеленген кейіпкерлер қай жерде және қазіргі кезде немен айналысып тұрғанын көрсету.

в)егер,әрбір кейіпкерді бөлек аклатын болсақ,онда оның отбасында қандай роль атқаратынын анықтау.

г)суреттегілердің қайсысы сүйкімді және неге, қайсысы жағымсыз және оның себебі неде, бала олардың қайсысын және не үшін ұнатады;

д) егер кейіпкерлердің барлығын жеңіл көлікпен серуенге алып бара жатырсың, бірақ, өкінішке орай олардың біреуіне орын жетпейтін болса, кімді үйде қалдырар едің.

е) егер балалардың біреуі өзін тәртіпсіз ұстаса,онда ол қалай жазаланатынын көрсетіп беру т.с.с.

Суреттер бойынша *интерпритация* келесі 4 құрамды бөліктен тұрады:

1)Суреттің құрлымын талдау.

2)Отбасы мүшелерінің орналасуы және олардың өзара әрекеттесуінің ерекшеліктері.

3)Отбасымүшелерін салу реті және олардың сыртқы көрінісіне көңіл аудару.

4)Суретте қолданылған символикалар және оның мағынасын талдау.( Жоғарыдағы пиктограммаларды талдау ережесі толық пайдаланылады.)

## Оқушылардың қызығушылықтарының картасын жасау әдістемесі.

**Мақсаты**: кәсіби бағдар беретін жұмысын ұйымдастыру барысында оқушылардың қай салада қызмет атқаруға ниетін ескеруге арналған қызығушылықтарының картасын жасау.

Зерттеу жүргізу үшін оқушылардың қызығушылықтарының картасын анықтауға арналған 174 сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылады.Бұл тестпен зерттеу нәтижесінде зерттелінушінің қызығушылығы келесі 29 бағытта бағаланады.

1.Биология
2.География
3.Геология
4.Медицина
5.Жеңіл өндіріс
6.Физика
7.Химия
8.Техника
9.Электро және радио техника
10.Металды өңдеу
11.Ағашты өңдеу
12.Құрылыс
13.Көлік
14.Әуе және мұхит көлігі
15.Әскери мамандықтар
16.Тарих
17.Әдебиет
18.Журналистика
19.Қоғамдық қызмет
20. Педагогика
21.Құқық, юристпруденция
22.Қызмет көрсету жүйесі
23.Матеммтика
24.Экаономика
25.Шет тілдер
26.Сурет өнері
27.Сахналық өнер
28.Музыка
29.Дене тәрбиесі және спорт.

